

Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 14 қарашадағы № 126 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 26 желтоқсанда № 10023 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 25 сәуірдегі № 140 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Энергетика министрінің 25.04.2018 № 140 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 14.05.2016 № 204 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 18-бабының б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 14.05.2016 № 204 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті (Момышев Т.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде оның мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықты ресми жариялауға бұқаралық ақпарат құралдарына және "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйеге жолдануын;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсы мен мемлекеттік органдардың интранет-порталында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі

В. Школьник

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика  
министрі

\_\_\_\_\_ Е. Досаев

2014 жылғы 27 қараша

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрі

\_\_\_\_\_ Ә. Исекешев

2014 жылғы 24 қараша

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2014 жылғы 14 қарашадағы  
№ 126 бұйрығымен  
бекітілген

**Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру қағидалары**

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 14.05.2016 № 204 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу (бұдан әрі - газды технологиялық еріксіз жағу) кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган - жер қойнауын геологиялық зерттеу, ұтымды әрі кешенді пайдалану саласында мемлекеттік саясатты іске асыру және бақылау жөніндегі функцияларды, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган - мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібі, көмірсутек шикізатын тасымалдау салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды, басқару үдерісін үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

3) табиғи және ілеспе газды кәдеге жарату - кен орнында табиғи және ілеспе газды технологиялық мұқтаждықтарға және (немесе) тауар өніміне дейінгі дайындауға пайдалану мақсатында кәсіпшілік жинауды қамтамасыз ету;

4) ілеспе газды қайта өңдеу - ілеспе газды тауарлық өнімге дейін жеткізу жөніндегі технологиялық процесс;

5) ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағу - ілеспе және (немесе) табиғи газды пайдаланбай жою процесі.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге ұғымдар Заңда айқындалған.

## **2-тарау. Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамамы пайдалану, технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру тәртібі**

3. Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамамы пайдалану, газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсатты (бұдан әрі - рұқсат) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) береді.

Рұқсат беруді (беруден бас тартуды) мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган осы Қағидалардың 5 және 6-тармақтарында қарастырылған құжаттарды алған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

4. Жер қойнауын пайдаланушы (өтініш беруші) уәкілетті органға сұралатын рұқсат түріне байланысты осы Қағидалардың 5 және 6-тармақтарында қарастырылған құжаттармен бірге осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамамы пайдалану, газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар алу үшін өтініш (бұдан әрі - өтініш) береді.

5. Ұңғыма объектілеріне сынақтар жүргізу кезіндегі рұқсатты алу үшін мынадай құжаттар беріледі:

1) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес өтініш;

2) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесімен келісілген ұңғымалардың жекелеген объектілерін сынау жоспары;

3) осыған дейін алынған рұқсат аясындағы ұңғыма объектілерін сынау бойынша жұмыстар жүргізілмеген жағдайда жер қойнауын пайдаланушы (өтініш беруші) олардың жүргізілмеген себептерін түсіндіретін растау құжатын қоса тіркейді.

6. Кен орнын сынамамы пайдалану, газды технологиялық еріксіз жағу кезіндегі рұқсатты алу үшін мынадай құжаттар беріледі:

1) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес өтініш;

2) осы Қағидалардың 3-қосымшаның сәйкес мәліметтер нысаны.

7. Ұңғымалардың объектілеріне сынақтар жүргізу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат бекітілген жобаға сәйкес ұңғымалардың жекелеген объектілерін сынау жоспарындағы мерзімге беріледі, бірақ ұңғыманың әр объектісі үшін үш айдан артық болмауы керек.

Ұңғыманың жекелеген объектілерін сынау жоспарында жер қойнауын пайдаланушы жасаған Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014

жылғы 21 қазандағы № 64 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9915 болып тіркелген) бекітілген Мұнай операцияларын жүргізген кезде ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудың нормативтері мен көлемдерін есептеу әдістемесіне (бұдан басқа - әдістеме) сәйкес газ жағу көлемдері мен жұмыс түрлері бойынша күндер саны бойынша есептеулер келтіріледі.

Кен орнын сынамалы пайдалану, газды технологиялық еріксіз жағу кезінде газ жағуға рұқсат мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган бекітетін және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган келісетін тиісті ілеспе газды қайта өңдеу бағдарламасымен қарастырылған нормативтері мен көлемдеріне сәйкес беріледі.

8. Кен орындарын сынамалы пайдалану кезінде газды жағуға үш жылдан аспайтын жалпы мерзімге рұқсат берілуі мүмкін, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау кезінде газды жағу іске қосу-баптау жұмыстарымен байланысты кезең ішінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте, газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат газды қайта өңдеу бағдарламасына сәйкес мерзімге беріледі.

9. Рұқсатты беруден бас тарту мынадай негіздер негізінде жүзеге асырылады:

1) жер қойнауын пайдаланушы (өтініш беруші) рұқсатты алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі анықталса;

2) жер қойнауын пайдаланушының (өтініш берушінің) және (немесе) рұқсатты беру үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің талаптарға және (немесе) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де талаптарға сәйкес келмеуі;

3) жер қойнауын пайдаланушыға (өтініш берушіге) қатысты айқындалған бірінші (лицензиялар) және (немесе) екінші санаттағы рұқсаттарды алуын талап ететін жекелеген қызмет түрімен айналысуға тыйым салатын, заңды күшіне енген сот шешімі болса;

4) жер қойнауын пайдаланушыға (өтініш берушіге) қатысты заңды күшіне енген сот шешімі болса, оның негізінде жер қойнауын пайдаланушы айқындалған бірінші (лицензиялар) және (немесе) екінші санаттағы рұқсаттарды алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылса.

Жер қойнауын пайдаланушы (өтініш беруші) рұқсат беруден бас тарту себептерін алып тастағаннан кейін жер қойнауын пайдаланушы (өтініш беруші) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қайта жүгіне алады.

10. Жер қойнауын пайдаланушы қайта ұйымдастырылған және (немесе) атауы өзгерген жағдайда мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы алған сәттен бастап бір ай мерзім ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттармен қоса рұқсатты қайта ресімдеу туралы ерікті түрде өтініш береді. Рұқсатты беру қайта ұйымдастырылу және (немесе) атауының өзгеруі туралы мәліметтерін растайтын құжаттарды алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру қағидаларына  
1-қосымша

нысан

**Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды жағуға  
РҰҚСАТ**

Нөмірі: Берілген орны:

Берілген күні:

\_\_\_\_\_ берілді

(жер қойнауын пайдаланушының атауы)

\_\_\_\_\_ (кен орны, ұңғыма нөмірі)

\_\_\_\_\_ көлемінде,

(жағуға рұқсат етілген газ көлемі)

\_\_\_\_\_ (газды жағу түрі)

(рұқсаттың қолданылу мерзімі)

Ескертпе:

Басшы (уәкілетті адам): тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Электрондық-цифрлық қолтаңба

Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру қағидаларына  
2-қосымша

НЫСАН

**Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар алу үшін  
ӨТІНІШ**

(қайда) \_\_\_\_\_

— (уәкілетті органның толық атауы)  
(кімнен) \_\_\_\_\_

— (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), ЖСН, заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жерінің мекенжайы, БСН, байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта)  
\_\_\_\_\_

— (кен орны; ұңғыма нөмірі\*; қандай сатыда)  
\_\_\_\_\_

— (газ жағу қажеттілігінің себебі және негіздемесі; жылына жағылатын газдың болжамды көлемі (млн. м<sup>3</sup>)  
\_\_\_\_\_

— (сатылары көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың күні, нөмірі және қолдану мерзімі)

---

(келісімшартқа соңғы қосымшаның (болған жағдайда) күні, нөмірі және қолдану мерзімі)

---

(жүргізілетін жұмыстардың жоспарлы мерзімі)

Ұңғыма туралы деректер:\*

Объектінің атауы және нөмірі	Көлемі, млн. м <sup>3</sup>	Аралығы	Объектілер бойынша сынау күндерінің саны
1	2	3	4

\* ұңғымалар объектілеріне сынақтар жүргізу кезінде газды жағуға рұқсат алу үшін

Қоса беріліп отырған құжаттардың тізбесі:

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

...

Ұйымның басшысы (лауазымы) \_\_\_\_\_

---

(қолы) тегі, аты, әкесінің аты

20 \_\_ ж." \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсаттар беру қағидаларына  
3-қосымша

## МӘЛІМЕТТЕР НЫСАНЫ

1. Өткен жылғы өндірілген газ, млн. м<sup>3</sup>. \_\_\_\_\_.

2. Өткен жылғы жағылған газ, млн. м<sup>3</sup>. оның ішінде:

1) кен орнын сынамалы пайдалану кезінде, млн. м<sup>3</sup> \_\_\_\_\_;



- 2) газды технологиялық еріксіз жағу кезінде, млн. м<sup>3</sup> \_\_\_\_\_;
- 3) барлау ұңғымаларын сынау кезінде, млн. м<sup>3</sup> \_\_\_\_\_.
3. Өтінім беру жылына газды жағу, млн. м<sup>3</sup> \_\_\_\_\_.

4. Мұнай және газ саласындағы уәкілетті органның ілеспе газды өңдеуді дамыту бағдарламасын бекіту туралы ақпарат:

- 1) құжат нөмірі (хаттама, хат не басқа растайтын құжат) \_\_\_\_\_;
- 2) құжаттың күні (хаттама, хат не басқа растайтын құжат) \_\_\_\_\_;
- 3) өтінім беру жылына жағылатын газдың рұқсат етілген мөлшері, млн. м<sup>3</sup> \_\_\_\_\_

;

4) өтінім беру жылына газ өндіру мөлшері, млн. м<sup>3</sup> \_\_\_\_\_.

5. Газ жағуды есептеу аспаптарының саны мен олардың орналасуы

\_\_\_\_\_.

6. Газ өңдеудің және кәдеге жаратудың нақты көлемі туралы ақпарат:

- 1) өткен жылғы газ өңдеу мөлшері, млн. м<sup>3</sup> \_\_\_\_\_;
- 2) өткен жылғы газ өңдеу тәсілі \_\_\_\_\_;
- 3) өткен жылғы кәдеге жаратылған газ мөлшері, (көзі бойынша) млн. м<sup>3</sup> \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_;

4) өткен жылғы газды кәдеге жарату тәсілі (көзі бойынша) \_\_\_\_\_;

5) өткен жылғы технологиялық жоғалулар \_\_\_\_\_.

7. Газды өндірістік үздіксіз жағу көздері (алаулары) туралы ақпарат:

- 1) жалпы саны \_\_\_\_\_;
- 2) орналасқан жері \_\_\_\_\_;
- 3) биіктігі, метр \_\_\_\_\_;
- 4) өнімділігі, Нм<sup>3</sup> мың/тәулік \_\_\_\_\_.

8. Кен орнын сынамалы пайдалану немесе игеру жобасын бекіту туралы ақпарат:

- 1) құжат нөмірі (хаттама, хат не басқа растайтын құжат) \_\_\_\_\_;
- 2) құжаттың күні (хаттама, хат не басқа растайтын құжат) \_\_\_\_\_;
- 3) жобалық құжаттағы қолданыс мерзімінің басталуы \_\_\_\_\_;
- 4) жобалық құжаттағы қолданыс мерзімінің аяқталуы \_\_\_\_\_;
- 5) өткен жылғы мұнай өндірудің жобалық мөлшері, мың тонна \_\_\_\_\_;
- 6) өткен жылғы газ өндірудің жобалық мөлшері, млн. м<sup>3</sup> \_\_\_\_\_.

9. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 21 қазандағы № 64 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылы 28 қарашада № 9915 болып тіркелген)

бекітілген Мұнай операцияларын жүргізген кезде ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудың нормативтері мен көлемдерін есептеу әдістемесіне сәйкес ұңғымалар объектілерін сынау және кен орнын сынамалы пайдалану, газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағу нормативтері мен көлемдерінің есептемесі \_\_\_\_\_

Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарт туралы деректер:

- 1) келісімшарт күні \_\_\_\_\_;
- 2) келісімшарт нөмірі \_\_\_\_\_;
- 3) келісімшарттың қолдану мерзімі \_\_\_\_\_;
- 4) келісімшартқа жасалынған соңғы қосымшаның күні (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_;
- 5) келісімшартқа жасалынған соңғы қосымшаның нөмірі (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_;
- 6) келісімшартқа жасалынған соңғы қосымшаның қолдану мерзімі (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_;
- 7) кен орны сатысы (барлау, өнеркәсіптік игеру) \_\_\_\_\_.